

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 21 мамырдағы N 3512 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 3 маусымдағы N 607 Жарлығымен

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2008.06.03 N 607 Жарлығымен.*

Қаулы етемін:

I. Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 3 қаңтардағы N 2742 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы Ережеге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 . 2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша алынып тасталсын;

3)-9) тармақшалар тиісінше 2)-8)-тармақшалар деп саналсын;

10) тармақша 9) тармақша деп саналсын және одан "және Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының" сөздері алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы жаңа 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) Күзет қызметінің штаттан тыс жедел қызметкерлері ретінде азаматтарды ерікті негіздерде тартады";

11) Күзет қызметінің әскери қызметшілерін Күзет қызметіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында олардың келісімімен міндетті әскери қызметте қалдыра отырып, мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан, ұйымдардағы штаттық қызметтерді атқаруға белгіленген тәртіппен жібереді";

11) тармақша 12) тармақша деп саналсын.

2 . 3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: "оның орынбасарлары, соның ішінде бір бірінші орынбасары болады. Күзет қызметі бастығының бірінші орынбасары мен орынбасарларын Күзет қызметі бастығының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады";

16) тармақшада "лауазымдық жалақыларды" сөздері алынып тасталсын.

3. 5-тармақта "Кеңес мүшелері өз кезегіне Республика Президентіне өз пікірін хабарлай алады" сөздері алынып тасталсын.

4. 6-тармақта "Күзет қызметінде офицер жиналысы республикалық ұланмен бірлесіп те, бөлек те өткізілуі мүмкін" сөздері алынып тасталсын.

І І . < \* >

*Ескерту. II-тармақ күшін жойды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.05.12 N 392 Жарлығымен.*

III. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті